

Егіс науқаны басталды

Мемлекет басшысы «Ауылдағы жағдайды жақсартса алмасак, бәрімізге сын» деген сындарлы сөзі бұқара жұрттың есінде. Көктемде көктің басы қылт етісімен көктемгі егіс амалдарына даярлық қызу басталып кеткен. Ал, мамыр айының екінші онкүндігінде жаппай егіс науқаны жарияланды. Оңтүстік өңірлерде егіс жұмыстары қарқын алған. Бүгінгі күнге дейін 1,5 млн. гектар алқапқа егін егілді.



Сурет ашық деректен

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мақсат пен меже
Облыс әкімдігінің деректеріне сүйенсек, осы жылы жалпы 23,8 млн. гектар егіс алқабы игерілмек. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бидай егіс алқабы өткен жылмен салыстырғанда 426 мың гектарға қысқарып, 13,3 млн. гектарды құрады. Сонымен қатар, майлы дақылдар алаңын 373 мың гектарға және жемшөп дақылдарын 66 мың гектарға ұлғайту жоспарланып отыр. Президент пәрмені аясында суды көп қажет ететін дақылдарды қысқарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Мақта алаңдарын 16 мың гектарға, күрішті 12 мың гектарға азайту болжануда. Бұл орайда дала жү-

мыстарын табысты жүргізудің негізгі факторларының бірі – минералдық тыңайтқыштарды енгізу. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биылға арналған тыңайту жоспары 1,5 млн. тоннаны құрайды, оның 900 мың тоннасы отандық зауыттардың өнімі.
Жалпы, бүгінгі таңда фермерлерге барлығы 453 мың тонна тыңайтқыш жөнелтілді, бұл 2024 жылға арналған жоспардың 30%-на шамалас. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында егіс науқанын жүргізу үшін 150 мың трактор, өнімділігі жоғары егіс кешендерінің шамамен 5 мың бірлігі, 76 мың сепкіш, 219 мың топырақ өңдеу құралы бар. Бүгінгі таңда өңірлердің жариялаған мәліметтеріне сенсек, техниканың дайындығы 98% көлемінде. Айта кету керек, көктемгі егіс жұмыстарын

жеңілдікпен қаржыландыруға 580 млрд. теңге бағытталған. Оның 400 млрд. теңгесі қаржы институттарын тікелей субсидиялау тетігі бойынша жылдық таза 5%-бен шаруаларға несие беріледі. Көктемгі дала жұмыстарына дизель отының көлемін қалыптастыруға ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерден өтінімдер қабылдау басталды.

Өңірде
Облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер көктемгі егіс жұмыстарына ойдағыдай кіріскен. Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов жұмыс сапарымен Абай ауданына барған еді. Онда ол егіс жұмыстарының барысымен танысып, егістік жұмыстарын агротехникалық мерзімде аяқтау жөнінде кешенді шаралар қабылдауды тапсырды. Бүгінде бір ғана Абай ауданының



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Сәби өмірін сақтап қалды

Қарағанды дәрігерлері ауыр дертке шалдыққан 2 айлық балаға күрделі операция жасады. Сол арқылы Қарағанды қаласының №2 көпсалалы ауруханасы мамандары жүрегi ауыратын сәбидің өмірін сақтап қалды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Сәбидің анасының айтуынша, ауруханаға қаңтарда түскен.
– «Тетрада Фалло» диагнозы емханада жасалған жүректің ультратрадыбыстық зерттеуінде анықталды. Бізді дереу ауруханаға жатқызды, бір айдан кейін отаның бірінші кезеңін жасады, – дейді баланың анасы.
Кардиологиялық орталықтың хирургтары жүйелі-өкпе анастомозы отасының бірінші кезеңін жасады. Артерия тарылған жерде өкпе артериясына стент орнатылды. Бұл болашақта ақауды түзетуге және радикалды операция жасауға мүмкіндік береді.
– Сәби ауруханаға ауыр халде түсті, – дейді №2 көпсалалы аурухананың балалар кардиохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Жанат Болатбекұлы. – Біз отаның бірінші кезеңін жасадық. Ол соғып тұрған жүрекке жасалады. Отаның бірінші кезеңі баланың

қалыпты дамуына және жүректің толығымен түзетуге дайындалуына көмектеседі. 4-5 айдан соң операцияның екінші кезеңін жасау керек. Ол Фалло ақауын түбегейлі түзетуге мүмкіндік береді.
Мамандар жасалған отаның қымбат әрі күрделі екенін айтып отыр. Дәрі-дәрмек пен медициналық ем-шаралар көп уақыт қажет етеді. Оны тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС жүйесі аясында алады.
«Тетрада Фалло» бұл – төрт анатомиялық аномалияны біріктіретін туа біткен жүрек ақауы. Қарыншалық перде ақауы, аортаның ығысуы, оң жақ қарыншаның стенозы және гипертрофиясы. Жүрек ақауы қанның оттегімен қанығу деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі. Бұл көрсеткіш 94%-дан төмен деңгейді, бүкіл ағзаның жұмысында өзгерістер пайда болады, иммунитет төмендейді, ми қызметі және ағзаның жалпы дамуы баяулайды.



Сурет ашық деректен

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 тг

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары: Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05; Тел.: 43-57-89 E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Әр шаңырақтың бақыты үшін...

Жыл сайын 15 мамырда халықаралық Отбасы күні атап өтіледі. Мерекені БҰҰ Бас Ассамблеясы отбасының маңызды ролі туралы насихаттап, қоғамға қосар үлесін бағалау мақсатында белгілеген. Әлемнің көптеген елдері оны 1993 жылдан бері атап өтіп келеді. Кез келген саналы адамның өмірінде отбасы ерекше орын алады. Жайлы және бақытты отбасы – ел дамуы мен өркендеуінің негізі. «Отбасы институты еңбекқорлық, білімпаздық, тілектестік сынды «Адал азаматқа» тән қасиеттерді қоғамда жан-жақты дәріптеу арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосады. Әр отбасының әл-ауқатын жақсарту – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы негізгі міндеттің бірі», – деп атап өткен еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондықтан, мемлекет отбасын қолдау саясатын жан-жақты жүзеге асыруда.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, жыл басынан бері ел бойынша 40 мың жаңа отбасының негізі қаланыпты. Қарағанды облысында биылғы бірінші тоқсанда 1501 жұп шаңырақ көтерілді. Отбасы күні аясында аймақта бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығында баспанамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша кездесу өтті. Жиналғандар тұрғын үй кезегі, арендалық баспана, мемлекет беретін субсидиялау тетігі, төмен пайызды ипотекаға қатысты сұрақтарына мамандардан жауап алды. Баспанамен қамту әлеуметтің негізгі әлеуметтік мәселесі екені бұрыннан белгілі.
– Биыл үй кезегінде тұрған 45 адамды баспанамен қамту жоспары бар. Қалалық әкімдік тарапынан қаражат бөлінді. Құрылыс аяқталған тұрғын үй кешендерінен мемлекеттік сатып алу арқылы аламыз. Ол кезекте тұрған көпбалалы, мүгедектер және әлеуметтік осал топ санаты бойынша бөлінеді, – деді Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынаста-



Сурет ашық деректен

ры бөлімінің тұрғын үй секторы меңгерушісі Әділ Аубакиров.
Ол баспана кезегінде 20 мыңға жуық адамның тұрғанын, алдағы уақытта тағы 500-ге жуық баспана берілетінін айтты.
«Отбасы банктің» мамандары Ұлболсын Қожабаева, Сұлтан Айдарханов кеңес берді. Мамандар жалға берілетін тұрғын үйді суб-

сидиялау туралы айтты. Мемлекеттің бұл көмегін көпбалалы, мүгедек бала асырап отырған отбасылар, жетім балалар, I, II топ мүгедектері ала алатынын түсіндірді.
– Субсидиялау біздің банк арқылы жасалады. Субсидиялау төлем ақысының жартысын өтеуге мүмкіндік береді. Оны алу үшін жалға алып отырған баспана иесімен келісім

болу керек. Жыл басында бюджет бекігенше тұрғындар өздері толық төлейді, соуір айынан бастап, мемлекет өткен айлардың субсидиясын қайтарарды. Бұл көмек бір жыл көлемінде жасалады, – деді банк маманы Сұлтан Аманжүсіпұлы.
Кездесуге келген Мақпал Исатаеваның 2 ай бұрын жұбайы қайтыс болыпты, өзі бала күтімімен үйде отыр екен.
– Жолдасым жұмыс істеген еді. Енді қазір бізде табыс жоқ. Асыраушысынан айырылғандар ретінде екі балама 78 мың теңге тағайындалды. Үй кезегіне енді тұрдым. Дәл қазір мен қандай көмек аламын? – деп сұрады ол.
Бұл ретте арендалық тұрғын үйді субсидиясы асыраушысынан айырылғандарға берілмейтінін айта кету керек.
– Бұл әдейі жасалған шара, – деп түсіндірді отбасын қолдау орталығы директоры Ләззат Қожахметова. – Субсидияны алу мақсатында қағаз жүзінде айырылысқандар қатары көбейіп кеткендіктен, бұл категорияны алып тастаған болатын. Бірақ, сіздің жағдайыңыз бөлек. Мен бұл мәселені «Отбасы банкі» басшысына айтып, шешіп беруге тырысамын.
Жиналғандар баспаналы болудың барлық мүмкіндіктері туралы сұрап білуге тырысты. Мемлекет ұсынып отырған бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі, кімдердің қатысатынын, мерзімі және басқа да мәселелер айтылды. Тұрғын үй кезегінің жылжымауы немесе кері кетуі, кезек категориясын ауыстыруға қатысты өтініштерін жазбаша қалдырды.



Кадрдың қадірі артып келеді

Қарағанды облысында Индустрияландыру картасы бойынша осы жылы 13 нысан салу жоспарлануда. Жаңа өндіріс кешендеріне ұзын саны 3000-ға жуық маман қажет. Ендігі мақсат пен меже – жұмыс берушілермен бірлесе отырып, кадрлар даярлауды барынша тиімді қалыпқа түсіру. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл мәселелерді басқарма, колледж, өнеркәсіп кәсіпорындары басшыларының қатысуымен өткен онлайн-кеңесте талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша өңір басшысы бірқатар тапсырмалар берді.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазір жұмысшылардың білігі мен дағдысына қойылатын талап өзгеруде. Кадрларды даярлау озық болуы әрі еңбек нарығының ағымдағы ең негізгі қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс. Менің тапсырмам бойынша сыртқы талдау жасайтын жұмыс тобы құрылды. Әрі қарай біз тиісінше стратегия құрамыз. Үлкен жұмыс күтіп тұр, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Ал, облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова ағымдағы жұмыс қарқыны мен көзделген жоспарлары туралы кеңінен баяндады. Мәсе-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Теміртау жоғары политехникалық колледжі тау-кен өңдеу кешені үшін арнайы кокс өндіретін кәсіпорынға маркшейдерлер, техник-гидрогеологтар даярлауды бастауды жоспарлап отыр. Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі техникалық бақылаушыларды «Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу» маман-

тын мүлікті басқару», «Газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау және пайдалану», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану», «Ет және ет өнімдерін өндіру» жаңа мамандықтары үшін лицензиялар алу жоспарланған.

Жылыту маусымына дайындық пысықталды



Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауда орналасқан Қарағанды ГРЭС-1-дегі жөндеу жұмыстарымен танысты. Жылыту маусымынан кейінгі электр станциясының келесі маусымға дайындығын тексерді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда ҚарГРЭС-1 86 үйді жылумен қамтамасыз етеді. Станцияда екі қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Тағы бір қазандық күрделі жөндеуден өтуде. Ауқымды ағымдағы жөндеу екі турбинада жүргізілмек. Жөндеу жұмыстарына 75 адам қатысады. Алдағы жылыту маусымына дейін үш қазандықтағы жөндеу жұмыстарын аяқтау міндеті тұр.

Облыс әкімі жұмыс сапары барысында мердігерлерге нақты жұмыс жоспарын ұсынып, кестеден ауытқымауды тапсырды. Аймақ басшысы жаңа жылыту маусымында станция толық жөндеуден өтуі тиіс екенін міндеттеді. Жұмыстың толық іске асуын қадағалау мақсатында

жастар дуалды біліммен оқуда. Ресей, Белоруссиямен халықаралық ынтымақтастық орнатылды. Қазір Qatmet зауытында 520 студент тәжірибеден өтуде. Нақты дипломдық жобалармен айналысамыз, – деді Теміртау жоғары политехникалық колледжінің директоры Салтанат Акбергенова.

Директордың айтуынша, оқу орны жылу техниктері, электро-механик, құрылысшылар және басқа да өндірісте маңызды мамандарды оқытып шығарады. Колледжде «Жас маман» жобасы аясында металлургия және машина жасауда инновациялық жабдықтар мол.

Колледж студенттеріне әлеуметтік көмек көрсетіліп тұрады. Осы уақытқа дейін «Оқжетпес» коммуналдық қызметінің жас мамандарына 6% жеңілдікті ипо-

Қарағанды облысында инвестициялық жобалар үшін КАДРЛАР ДАЯРЛАУ



54

колледждің

34

-і техникалық мамандарды даярлайды

Индустрияландыру картасы бойынша 2024 жылы

13 нысан салу жоспарлануда

Жұмысшы мамандық кадрларына деген қажеттілік шамамен

3 000 адамды құрайды

Колледждерде жаңа мамандықтар ашылады:

- Маркшейдерлік іс
- Гидрогеология
- Полимерлік өндіріс технологиясы
- Газбен жабдықтау жүйелерін монтаждау және пайдалану
- ТКШ нысандарының инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану және т. б.

лен, облыста 54 колледж жұмыс істесе, оның 34-і техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлайды. Металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік сынды

мамандық түрлері сұранысқа ие. Ведомство басшысының айтуынша, жұмыс берушінің сұранысына байланысты жаңа мамандықтар ашу жоспарлануда. Мысалы,

дығы бойынша оқытпақшы. Ендігіде колледждерді дамытудың стратегиялық жоспарларын ескере отырып, «Полимерлік өндіріс технологиясы», «Жылжымай-

Өз кезегінде кәсіпорын басшылары кәсіптік білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл туралы айтып берді. «Алайғыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері бірқатар ынтымақтастық тәжірибесімен бөлісті. Мысалы, бүгінде компания Қарағанды жоғары политехникалық колледжі үшін қажетті жабдықтарды сатып алып, қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерін өтеген. «Silk Road Electronics» тұрмыстық техника өндіретін жаңа зауыты Саран және Шахтинск техникалық колледждерімен кадрларды бейінді даярлауға шарттар жасасты.

Ермағанбет Бөлекпаев білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру, индустриялық-инновациялық даму өнеркәсібі басқармаларына бірқатар тапсырма берді. Мамыр айының соңына дейін инвестициялық жобаларды ескере отырып, кадрларға қажеттілікті барынша дәл анықтау қажет. 1 қыркүйекке дейін колледждің әрбір түлегін жұмысқа орналастыру егжей-тегжейлі пысықталуы тиіс. Тұрақты кәсіптік бағдар беру жұмысы болуы қажет. Кәсіпорындар базасында колледж қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды түзету керек. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп кәсіпорындар үшін сұранысқа ие мамандар бойынша 2024 жылдың жаңа жиынтығына нысаналы мемлекеттік білім беру тапсырысын қарастыру тапсырылды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



екі аптадан кейін өңір басшысы ҚарГРЭС-1-ге қайта келмек. Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауға сапарында жоғары политехникалық колледжде болды.

– Бүгінде «Қара металдар металлургиясы», «Машина жасау», «Құрылыс саласы», «IT» және тағы басқа мамандықтар бойынша маман даярлаймыз. 16 мамандықтың барлығы еңбек нарығында сұранысқа ие. 30-дан астам әлеуметтік серіктестермен тығыз жұмыс істеп,

тека рәсімдеуге көмек көрсетілген. Биыл жастар бағдарламасы бойынша 15 жұмысшы жеңілдік шарттарымен баспана алмақ. Ермағанбет Бөлекпаев колледж студенттерімен және оқытушыларымен әңгімелесіп, оқу үдерісіне қызушылық танытты. Колледждің жұмыс тәжірибесін аймақтың басқа оқу орндарына таратуды ұсынды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Бұлақ көрсең, көзін аш»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясының соңғы аптасы да тәмам. Шет ауданының тұрғындары екі айлық және бес апталық акция аясында аудан бойынша 4 555 ағаш егіп, 10 мың тонна қоқыс қалдықтарын шығарыпты. Акция басталғалы бері жеті мыңнан астам адам сенбілікке шығып, аудан тазалығына үлес қосқан.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған акцияның соңғы, яғни, «Мөлдір бұлақ» апталығынан да аудан тұрғындары қалыс қалмады. Бұл жолы қоғам белсенділері, мекеме және Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері мен еріктілер бірлесе аудан орталығындағы «Жанқұтты би» бұлағының маңайын қоқыстан тазартты. Бұлақтың көзін ашып, сырлау және әрлеу жұмыстарын жүргізген.

– Ауыл тұрғындары осы бұлақтан үнемі су алып жүреді. Апталық аясында тұрғындар сенбілікке шығып, бұлақтың маңайын жиыстырды. Қазақта «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген аталы сөз бар. Осы бұлақтан бәріміз су алып отырған соң тазалықты да қаперден шығармауымыз қажет, – деді аудан әкімінің орынбасары Дәурен Көрсенбаев.

«Жанқұтты би» бұлағы 2015 жылы қайта қалпына келтірілген. Халықтың тұтынуына жағдай жа-



салып, тиісті жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Осы сенбілік аясында 30-ға жуық адам тазалық жұмыстарына атсалысты.

лық жұмыстарын жүргіздік. Жер астынан шығып жатқан бұлақтың қадірін білуіміз қажет, – деді аудандық археологиялық-этногра-



фиялық музейдің басшысы Салтанат Қамытбаева.

Сурет ұйымдастырушылардан

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өтінім қабылдау басталды

Қарағанды облысында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық және қалалық кезеңдері жарияланып, оның аясында ең үлгілі отбасы таңдалады.

20 жыл

Мерейлі отбасы

Мерейлі отбасы

2024 жылдың 15 мамыр мен 15 маусым аралығында "Қарағанды қаласы әкімінің аппараты" ММ, №508 каб. өтінімдерді қабылданады

Байланыс телефондары:

42-08-90, 42-14-12

8-708-953-72-09

Аталған кезеңге құжаттарды қабылдау 15 мамырдан бастап, 15 маусымға дейін жалғаспақ. Өңірлік комиссиялардың отырыстары 15-30 маусым аралығында өтеді деп жоспарлануда.

Бұл кезеңде 1-15 шілде аралығында облыстық кезеңде іріктеуден өтетін 2 отбасы таңдалады. Облыстық кезеңнен кейін комиссия «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаты болатын бір отбасын таңдайды.

Конкурсқа қатысуға отбасы мүшелерінің еңбек, спорт, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми жетістіктері ескеріліп, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын отбасылар жіберіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін қала және аудан әкімдіктерінің жанындағы қалалық және аудандық комиссияларға жүгіне аласыздар.

Өз тілшімізден

Алаш идеясы және Әділетті Қазақстан



Жасыратыны жоқ біздің қоғам ұлттық идеяға шөліркеп тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған тарихи реформалар осы олқылықтың орнын толтыруға бетбұрыс жасап жатқаны көңіл қуантады. Әсіресе, Ұлытау, Түркістан және биылғы Атырау Құрылтайларында көтерілген мәселелер мен аз уақытта іске асып үлгерген іргелі жобалар Қазақстанның жаңа дәуірге қадам басқанын дәлелдеп берді.

Ұлттық Құрылтайдың биік мінберінен айтылған қай мәселе болсын, Әділетті Қазақстанның жарқын болашағына бағдар болып, әр жылғы Құрылтайда тұғырлана түскен идеологиялық тұжырымдар даму қарқынымыздың іркілмейтініне кепіл болып келеді.

Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында ел Президенті «Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор», – деді.

Мен бүгінгі жазбада Президент аузынан шыққан «тарихи әділдік» емеурінінің астарына үңіліп көрмекпін.

Ерсін МҰСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлы мұратқа ұранмен қол жеткізе алмайтынымызды 70 жыл билік құрған коммунистік идеология дәлелдеп кетті. Әділетті қоғам қалыптастырудың алғышартын Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» деген аса маңызды үш тағанды тұғыр еткен үшінші Құрылтай отырысында тарқатып айтты. Дәл қазіргі әлем елдерінің әбгері басылмаған, идеологиялық қақтығыстар шиеленісіп тұрған болжаусыз кезеңде қазақстандық қоғам айқын бағыт, дұрыс жолды ұлттық құндылықтан іздейтінін де тамыршыдай дөп басты.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлының «Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа аманаттаған бабалар рухына тағзым етеміз» деген тұғырлы тұжырымының астарында Мемлекет басшысының тарихи жауапкершілігімен бірге ұзақ жылдар айтылмаған ақиқат, мойындалмаған шындықтың салмағы бар екені даусыз. Сондай-ақ, XX ғасыр басында азаттық күресінің аламанында топ жарған Алаш зиялылары жасаған ұлттық идеямен сабақтастық тұрғанын аңғардыңыз ба? Сол үзілмеген үндестік пен салмақты сабақтастық Президентіміздің осы Құрылтайда айтқан ілгерілеуге іркіліс әкелетін бес кеселін де жеңіп, ұлттық құндылықтармен қатар экономикалық дамуымызға да серпін әкелеріне күмәніңіз болмасын.

Ұлы Дала – бодандық бұғауын үзіп, азаттыққа ұмтылған ұлы мұраттардың алтын бесігі. Иә, біз ғасырлар бойы еркіндік жолындағы күресті бір сәтке доғармаған бабаның ұрпағымыз. Атының ері алынбай, ерінің белі шешілмей күрескен қайсар рухты Қазақ деген ұлттанбыз! XIX ғасырдың жуан ортасына дейін толастамаған қанды жорықтар XX ғасырдың басында атойдан идеяға айналды. Ол – Алаш идеясы.

Бүгінгі Тәуелсіздіктің түп тамырында, бітім-болмысында көсемі Әлихан Бөкейхан болған сол Алаш идеясы жатыр. Алаш жұртының маңдайына басқан ат төбеліндей зиялылары жаңа тұрпатты құқықтық мемлекет құру ісіне белсене кірісті. Дегенмен, тоталитарлық жүйенің торына шырмалып, Алаш асылдарының арманы қыршынынан қыылған-ды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Алаш қайраткерлеріне қойылған ескерткіштің ашылу салтанатында «Өткен ғасырдың басында ұл-

тымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, сана-сына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-сонды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиг-



ялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-кәтеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты» деген еді. Президентіміздің бұл пікірін Алаш көсемдерінің қайраткерлігіне берілген шынайы баға деп қабылдайтын болсақ, Әлекең бастаған Ұлт көсемдерінің арманы күні бүгінге дейін көмескіленбегеніне көз жеткізген болар едік. Ендеше, халқымыздың Азаттыққа деген ұмтылысын еселеп, күрескерлік рухына дем берген сұрапыл күш – Алаш идеясы!

Сөз басында айтқанымдай, бүгінгі жазбада сол Алаш идеясы мен бүгінгі Әділетті Қазақстан идеясының сабақтастығын салмақтап көрмекпін...

Біріншіден, бұл сабақтастық идея барымтасы емес. Тағы да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымына жүгінсек, ел Президенті өзінің 2021 жылы жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тарихи мақаласында: «Біз кезінде елге

қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Алаш арыстарының мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс!» деп жазған еді. Бұл жерде Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан дәстүрлі дала ақсүйектерінің жанқиярлық еңбегі мен өз өмірлерін ұлт болашағы жолына құрбан еткен тарихи ерлігін жоғары бағалап тұр. Яғни, бүгінгі Әділетті Қазақстанның даму серпілісі соңғы бес жылда Алаш идеясымен тамырласып келеді деп айтуға толық негіз бар. Ендеше, бұл сабақтастықтың астарында ұрпақтар эстафетасы жатыр. Ұлт Көсемі Әлихан Бөкейхан мен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлтымызды ұшпаққа жеткізу жолындағы ұлы идеяларының рухани үн-

очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан», – деп жазды.

Яғни, сол XX ғасырдың басында-ақ бізде аз болса да, саяси элита қалыптасқан. Әлекең бастаған ұлттық саяси элита өздерінің түпкі мұратына жетпеді демесеңіздер, бүгінгі Қазақстан үшін қалдырған бәсі биік бәсіресінің бастауында шекарамыз тұр емес пе?! Тау етер Тәуелсіздігіміздің басты нышаны саналатын байтақ жеріміздің әр пұшпағы – сол Алаш зиялыларының аманаты. Асыл аманатқа адалдық танытып, тарихи жауапкершілікті жан-тәнімен сезінген бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жерге қатысты берік пікір, ұтқыр ұстаным ұстанып отыр. Міне, сабақтастық! Сөзіміз дәлелді шығу үшін Қасым-Жо-

лыптастыру мен ұлтты жетілдіру, ұлттық сананы жаңғырту деген үш бағытты алсақ та, жетіп-артылар... Дәл осы ошақтың үш тағанындай үш бағытты берік қолға алып, дамыта білудің арғы жағында орындалған арманның сұлбасы көрінер еді. Біздің бүгінгі билік Алаш идеясымен астасқан осы бағыттың барлығын жетілдіру жолында тер төгіп, бағдарламалар қабылдап жатқанын көзіміз көріп отыр.

Ұлттық экономикалық буржуазия. Атырау Құрылтайында таразыланған маңызды мәселенің бірі – еліміздің экономикалық дамуы мен коммуналдық саланы жетілдіру. Нақты бағыттар мен міндеттерді қадап айтқан Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті әкімдерге экономиканың ұлттық мазмұнын еңселендіруді тапсырды. Бұған дейін де күн тәртібінен түсіп көрмеген ұлттық экономиканы дамытудың осы жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіштері – көңіл көншітерлік. Мәселен, Қарағанды облысының 2024 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы ЕАЭО елдерімен

ялық үндестіктің үлкені осы жерде тұр. Ұлттық сананы жаңғыртуға негізделген Әлекеңнің еңбектерін ешкім жоққа шығара алмайтынын да жақсы білеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тарихи мақаласында лайықты таразыланған Алаш зиялыларының еңбегі еш кетпегені әлі ерте. Сонымен қатар, кешегі Алаш көсемдерінің жанкештілігі арқылы жария болып, тіпті, АҚШ баспаларында жарық көрген ұлылар идеясы мен бүгінгі Тәуелсіздік идеясын ешкім алшақтата алмайды.

Әлекең бастаған Алаш арыстарының көздегені – ұлтты жетілдіру. Сол үшін күресті. Сол үшін басын бәйгеге тікті. Сол үшін құрбан болды. Қазір ғой, өздерін «қоғам белсендісіміз» деп жүрген біздің «жасанды оппозицияның» «құлдық санадан арылу керек» деп ұрандата бастағаны. Ал, дәл осы құлдық санадан құтылу жолын Әлекең сонау XX ғасырдың басында мезеп кеткенін білмей жүргеніміз өкінішті-ақ.

Бір еңбегінде Әлихан Бөкейхан: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалауға бейім тұрады... Дүниеде өңге жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», – деп жазды. Міне, осыдан-ақ Әлекең бастаған қазақ зиялылары ұлттық сананы құлдық психологиядан азат етуге ұмтылғанын аңғарамыз.

Шынтуайтына келгенде, болмыстың санаға өктемдік ететін құлдық ғұрпынан керісінше сана болмысты нақтылайтын еркіндік санасына өтпейінше, ұлттық идея қалыптаспайтынын білді Әлекең және оның мүдделестері. Осы пиғылдары үшін «жау» атанды. Олардың ұрыс тактикасынан бас тартып, ұлттық идеяға ұйысуы шынымен-ақ отаршыл жүйе үшін жаулық пиғыл еді. Бәрібір «Алаш» автономиясының серкелері болашақ өмір туралы армандарын аялап, кейінгі ұрпақ жатырмай қабылдайтындай ұлттық идея қалыптастырып, тұғырлы тұжырымдама жасап кетті. Көш басында Әлекең тұрған көсемдер тобы қалыптастырған ұлттық идея бүгінгі Әділетті Қазақстанның бағытын байыптап, бақытын еселейтін тұғырнамаға айналды.

Әлихан Бөкейхан: «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», – дейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бірлігі мықты елдің рухы биік болады», – дейді. Бекем бірлігіміздің берекелі іске кепіл болғанына осы көктемдегі су тасқыны кезінде көз жеткіздік. Бір Қарағанды облысының өзінен су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге мыңдаған тонна гуманитарлық көмек жөнелтілді. Мұның өзі ежелден қанымызға сіңген бауырмалдық пен моральдық құндылықтың өзегінен нәр алған өнегеміз болса керек. Осылайша дәстүрлі ұлттық құндылықтарымыз дәріптелген қоғамда ұлы идеялар сабақтастығы салтанат құрып, Алаштың арманынан жаралып, аманатын арқаалаған Әділетті Қазақстан әлем мойындаған әлеуетті елге айналары сөзсіз!

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Арыстар мұрасын дәріптеді

Алаш айлығы аясында Қызыларай орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары әсем табиғат көмкерген Аксорқа бауырында сыныптан тыс пікірталас сабағына қатысты. Қияметке толы өмірінің бар кезеңінде ұлт болашағы үшін моймайып, тұлғалық бейнесін қалыптастыра білген Арыстар өмірінің ғибратты кезеңдерінен зңгіме өрбітті.

Оқушылар самал жел, сұлу табиғат, биік тау көмкерген табиғи серуеннен ұлттық құндылықтармен сусындап әсерленді.

Сұлу мекен талай ұлылар мен дарындарға жасындай жер мен таудай төзім сыйлап, бәйгеге қосқан. Солардың бірегейі Алаш арыстары – Әлихан Бөкейхан, Жұмыс Ақбай және Әлімхан Ермеков болатын. Тарихты сүйетін талғампаз оқушылар ғалымдар еңбегі мен ғибратты ғұмыры әлі де зерттеу мен ізденістерді қажет ететіні жайлы пікір жарыстырды.

Пікірталаста оқушыларға ерекше деректерді ұсындым. Мәселен, Әлімхан Әббұулы

Ермеков – 1891 жылы Қызыларайдағы Бөріктас мекенінде дүниеге келген. Ғалымның ағартушылық қызметін зерттеген ғалым Қ.Өктембаевтың деректеріне сүйенсек, Ермеков Жиынбайұлы 1873 жылдар шамасында Құнанбаймен бірге Меккеге сапар шеккен, жолшыбай ауырып, Мединеге жетіспей қайтыс болған. Өз елінде болыс болған, Семей гимназиясының түлегі Әббұу де танымал азамат болыпты. Әббұудің Әмірхан, Әлімхан, Әлімхан атты үш ұлы, екі қызы бар екен. Дәмеш атты қызы қазақтың көрнекті перзенті Темірбек Жүргеновке тұрмысқа шыққан.

Әлімханды әкесі Әббұу 1899 жылы Қарқаралыдағы екі сатылы (бастауыш) реалдық училищеге оқуға береді. Е.Есютин, А.Кожев, С.Кокорин, А.Байтұрсынов, П.Белдыцкий, П.Чемоданов, А.Аягановтар сабақ берсе, Семей гимназиясында поляк Ф.Дульский ұстаздық еткен. Гимназияда Абайдың жерлесі Көкітаймен, Төкежанның балаларымен бірге оқыған. Семейде Ә.Бөкейхановтың идеяларымен танысып, оны өзіне ұстаз санаған. Тау басындағы осыған ұқсас толымды деректер оқушыларға ерекше әсер етті.

Нұрлан ШАКИРОВ, Қызыларай жалпы білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан





Егіс науқаны басталды



Сурет ашық деректен

(Соңы. Басы 1-бетте).

Дәнді дақылдар тұқымы негізінен «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен және облыстың басқа шаруашылықтарынан, көршілес өңірлер мен Ресей Федерациясынан тасымалданады. Қазірдің өзінде 567 тоннадан астам элиталық сорт тұқымдары сатып алынды.

Ведомство басшысының орынбасары еске салғандай, Қазақстанда 13 наурыздан бастап, Ауыл шаруашылығы министрінің отандық тыңайтқыштарды аванстық субсидиялау тетігін енгізу туралы жаңа бұйрығы күшіне енді. Субсидиялау механизмі нормасы 50%-дан 60%-ға дейін ұлғайтуды көздейді.

Ал, шетелдік тыңайтқыштар үшін ол ең төменгі құнның 40% деңгейінде төленеді. Субсидиялаудың жаңа тәсілі фермерлерге тыңайтқыштарды алдын ала төмендетілген бағаммен алуды, ал отандық өндірушілерге кепілдендірілген сатып алуды қамтамасыз етеді. Бұл тетікті іске асыру өңделетін алқап көлемін ұлғайтуға және химия өнеркәсібінің дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы бұйрықпен 2023 жылғы сатылып алынған тұқым, минералды тыңайтқыштар және пестицидтерді субсидиялауға өтінім беру мүмкіндігі қарастырылған, – деп атап өтті Сырым Бошпанов.

Атап айтқанда, Қарағанды облысы бойынша нормаға сәйкес, 150,1 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілуі қажет

болса, ағымдағы жылы 581 мың гектар алқапқа, шамамен 71,5 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізу жоспарланған. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен екі есеге көп.

Несие шарттары қандай?

– Өздеріңіз білетіндей, «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының желісі бойынша егіс науқанын жүргізуге 7 млрд. теңге көлемінде несиелік қаражат жоспарланған. Бүгінгі күнге, 61 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге жалпы сомасы 1,4 млрд. теңгеге несиелендіріліп, 128 бірлік техника лизингке берілген. Ал, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы бүгінгі таңда шаруашылыққа 6,5 млрд. теңге сомасына «Кен дала» бағдарламасы бойынша 124 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 5,5 млрд. теңге, «АгроБизнес» бағдарламасы 12 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге – 1,0 млрд. теңге несие берді, – деді Сырым Бошпанов.

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге облыс үшін 17,4 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арналған дизель отыны Қарағанды қаласы және Осакаровка кентіндегі мұнай сақтау базаларынан литрі 245 теңгеден босатылады. Бұл – Қазақстандағы ең төмен баға. Дизель отынына өтінім беріп үлгермеген фермерлер үшін, бытырғы пайдаланылмаған көлемнен литрі 250 теңгеден босату көзделген. Қазірдің өзінде 2,4 мың тонна-

дан астам көлемге өтінім берілді, деп атап өтті ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары. Ал, Осакаровка ауданына қарасты Ошағанды ауылында орналасқан «Zheltau» жас фермерлік шаруашылығының басшысы Мадияр Мұхамбедин егіс науқанын мамыр айының ортасында бастауды жоспарлауда. Өткен жылы шаруашылықпен «Астана», «Шортанды», «Нерда» сортты бидай 700 гектарға жуық алқапқа егілді. Мемлекет басшысы, елімізде бидайдың шамадан тыс артық өндірілуіне байланысты, аграршыларды егіс алқаптары көлемін әртараптандыруға шақырды. Осы үндеуге сүйене отырып, «Zheltau» шаруа қожалығының басшысы дәнді дақылдар алқабын 300 гектарға дейін қысқартып, азықтық дақылдар себу туралы шешім қабылдады.

Халық қалаулысының пікірі

– Егер мемлекеттік қолдау тетіктері туралы айтатын болсақ, оларды өзекті және ойластырылған деп атауға болады, – деп есептейді «Zheltau» шаруа қожалығының басшысы. – Алайда, осы бағыттағы жұмысты дамыту қажет деп санаймын. Атап айтқанда, Ресей Федерациясынан бидайдың кіруі біздің фермерлерді қолайсыз жағдайға душар ететіні тағы жасырын емес.

Егіс көлемінің көп және өнімділігі жоғары болуы ресейлік өнімнің өзіндік құнын арзандатып, жағдайды қиындатады.

Жаңа нарықтарды іздеу керек және біздің аймақ деңгейінде бұл мәселе күрделі. Осы жағдайларда, ауыл шаруашылығы саласының табысты және тиімді дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсету стратегиялық мәселеге айналады деп есептейді фермер. 2023 жылы Осакаровка ауданы халқы, жас жігіттің табандылығы мен бастамашылығы үшін аудандық мәслихат депутаты лауазымына кандидатурасын қолдап дауыс берді. Халық қалаулысы бола отырып, ол ауылды дамыту, жұмысқа орналастыру, жергілікті инфрақұрылымды жақсарту мәселелерін көтеруге, және әрине, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүдделерін қорғауға ниетті.

Субсидиялау стратегиясы

Айта кету керек, қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрілігі агро өнеркәсіп кешені саласындағы жобаларды несиелеудің қолданыстағы ережелеріне түзетулер пакетін әзірлеуде. Бұл туралы вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте Үкіметте хабарланды. Шешім «Ауыл аманаты» бағдарламасының 2023 жылғы нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша және өңір тұрғындарының өтініштері нәтижесінде қабылданды. Бүгінде өткен жылы ауыл тұрғындарына бөлінген 100 млрд. теңге көлеміндегі қолжетімді шағын несиелердің 82,4 млрд. теңгесі игерілді. Оның 80%-ы – мал шаруашылығын дамытуға, 5,2%-ы – техника мен жабдық сатып алуға, 4%-ы өсімдік шаруашылығына бағытталған. Үкімет басшысы «Ауыл аманаты» бағдарламасы еліміздегі ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуына серпін бергенін атап өтті. Мәселен, өткен жылы Түркістан, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында 407 кооператив құрылды. Қазір өңірлер қолданыстағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің осы бағдарлама бойынша лизингке техника сатып алуға қолжетімді қарыз қаражатын алу мәселесін көтеруде.

– Субсидиялау қағидаларына түзетулер жобасы Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жылдық 2,5%-бен және 5 жылға дейінгі мерзіммен техника лизинг рәсімдеу мүмкіндігін көздейді. Қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жүзеге асырылатын болады. Бағдарлама бойынша ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін кооперативтер мен біз қаржыландыру нормативін арттырмыз, – деді вице-министр Азат Сұлтанов.

• РЕСМИ

Маусымда тариф өседі

Қарағандыда 1 маусымнан бастап, қалалық және қала маңындағы маршруттарда қоғамдық көлікпен жүру тарифі өседі. «Оңай» картасы арқылы төлем 100 теңгені құраса, қолма-қол ақшамен 200 теңге болады.



Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің хабарлауынша, қоғамдық көлікпен жүруде жеңілдіктер сақталады. 18 жасқа дейінгі балалар тегін жүреді. Сондай-ақ, көпбалалы аналар, 1, 2 және 3-топтағы мүгедектер, ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары мен мүгедек адамдардың қамқоршылары, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқандар, жерасты және ашық тау-кенде жұмыс істегендер ретінде зейнетақы алатындарға жеңілдіктер бар. Бұл санатта сондай-ақ, мемле-

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мамандарының сөзіне сүйенсек, қолданыстағы 80 теңге тарифі 10 жыл бұрын белгіленді. Содан бері жүргізушілердің жалақысы, дизель отыны, майлау материалдары, автошиналар секілді қажетті шығындары орта есеппен 3,5 есеге өсті.

Соңғы жылдары қалалық және қала маңындағы маршруттарға арналған автопарктер 328 автобус сатып алды. Осылайша желідегі автобустардың саны 300-ден 420 бірлікке дейін өсті. Үш жаңа бағыт шығарылып, бұрын жұмыс істеген үш бағыт қайта жанданды. Майқұ-



Сурет ашық деректен

кеттік арнайы жәрдемақы алушылар ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларда жұмыс істегендер, зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшері 22 айлық есептік көрсеткіштен аспайтындар да бар.

Зейнеткерлердің жасына байланысты тағайындалған жеңілдіктер (50 теңге) де өзгеріссіз қалады.

дық және Пришхтинск бағыттары бойынша автобустардың жұмысы 22:30-ға дейін ұзартылды.

ONAY! көлік холдингі филиалы маусым айына жол жүру билеттерін сату уақытша тоқтағанын хабарлады. Сатуды қайта бастау туралы @onay.karaganda, @otdeljkh_karaganda парақшаларынан білуге болады.

• ӨЗЕКТІ

Жол жөндеу жұмыстары жалғасуда

Облыста «Қарағанды – Аягөз – Қоянды – Егіндібұлақ – Бүркітті» тас жолындағы жөндеу жұмыстары жалғасуда. Орташа жөндеу жұмыстары өткен жылы басталған болатын.



Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәлімдеуінше, облыстық маңызы бар тас жолдың төсемін орташа жөндеу алғашқы 29 шақырымға дейінгі жол учаскесінде өтеді.

Жол төсемін ауыстыру өткен жылы басталған. Жоба – екі жылдық, 2023 жылы жолдың 13,5 шақырымында жұмыстар аяқтал-

ды. Биыл жөндеу-құрылыс жұмыстары күн жылыңғалы жалғасын тапқан.

Басқарманың мәліметінше, бүгінде 25 шақырымына асфальт төселген. Мамырдың соңына дейін жұмыстар толық аяқталады деген жоспар бар.

Құрылысты «Қостанай жолдары» ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізсе, техникалық қадағалауды «KZ Стройэксперт» ЖШС жүзеге асырады.

• БРИФИНГ

Бағаны негізсіз өсіргендер жазаланады

Азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты мәселелер – экономикалық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Сондықтан, халық көп тұтынатын әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы тұрақты талданып, әрдайым назарда болады. Осы қатарға жататын азық-түлік тауарларының бағасын реттеу жайында Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің мамандары өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сөз қозғады.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік – күнделікті ең қажетті деген өнімдер. Заң бойынша ондай 19 түрлі өнім бар.

– «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңның 9 бабына сәйкес, ішкі сауда субъектісі сатқан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына қосатын үстемесі 15%-дан аспауы керек. Азық-түлік құнын көрсетілген межеден асырған саудагерлерді анықтап, жиналған материалдарды сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жібереміз. Олар заң бұзған саудагерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартады. Жыл басынан бері 30-дан астам кәсіпкер жауапқа тартылды, – деді Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің талдау әзірлемелері бөлімінің басшысы Владислав Лип.

Ол «Еститін мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес ведомствоның қызметі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғанын айтып, аталған азық-түліктер бағасын негізсіз көтеру фактісі мұқият тексерілетінін жеткізді.

– Бүгінде жұмысымыз ұсақ-түйек

емес, үлкен көлемдегі бұзушылықтары анықтауға бағытталған. Мәселен, мектеп, арнайы мекемелерді азық-түлікпен қамтамасыз ету саласындағы заң бұзушылықтарды анықтаймыз. Занды сауда үстемесінің мөлшері 15%-дан аспасын делінсе де үстемені 100% қосқандар бар. Бұл фактілер биыл анықталды, – деді экономикалық тергеп-тексеру қызметінің капитаны Владислав Лип.

– Аталған заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін әкімшілік заңды күшейтетін кез келді, – дейді департаменттің талдау әзірлемелері бөлімінің аға жедел уәкілі Қонысбек Ахметов. – Себебі, Әкімшілік кодекстің 204-ші бабына сәйкес бірінші рет орын алған заң бұзушылық үшін саудагерлерге айыппұлдың орнына ескерту беріледі. Өткен жылы қолданылған әкімшілік шаралардың 70%-ы ескерту берумен шектелген. Болашақта мемлекет баға құру процесіне араласпайтын жағдайда, тек әкімшілік шаралармен заңдылық пен профилактиканы қамтамасыз ете алмаймыз. Сондықтан, әлеуметтік маңызы бар тауарлар нарығында саудагерлердің жауапкершілігін арттыру керек. Бұл ұсыныстар қарастырылуда.

Халықаралық тәжірибені алсақ, бірқа-



Сурет ашық деректен

тар елдерде жалпы азық-түлік қауіпсіздігі туралы заң кеңінен қолданылады. Біздің елімізде де болашақта мұндай барлық сауда ерекшеліктерді реттейтін заңның қабылдануы – маңызды.

Президентің Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау мақсатында мемлекет бүгінгі таңда азық-түлік бағасын қалыптастыру процесіне араласу тәжірибесінен біртіндеп бас тартуда. Сауда және интеграция министрлігінің

мәліметі бойынша биыл тоғыз түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлікке жергілікті атқарушы органдардың шекті баға белгілеу мүмкіндігі алынды. Қалған он түрлі азық-түлік бойынша мұндай шара келесі жылы қолға алынады.

Департамент мамандарының айтуынша, баға белгілеудегі теріс тенденция туралы ақпарат шара қолдану үшін сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне жіберілді де, облыс әкім

орынбасарының төрағалығымен ведомствоаралық комиссияда қаралады.

– Өткен жылы облыс әкімдігі мен біздің департамент арасында экономикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы тиісті ведомство тарапынан да, жергілікті атқарушы билік тарапынан да қадағаланады, – деді Владислав Лип.

• ТАНЫМ

Хәкім Абай даналығының маңыздылығы

Абайдың онтологиялық көзқарастарынан өніп шыққан рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – бүгінгі кезеңнің міндеті. Хәкімнің бір ғасырдан астам уақыт бұрын халқының алдына қойған жаңа мақсаттар мен талаптар бүгінгі жаһандану жағдайында жүзеге аспаса, жағдайымыз жақсармайды. Абай, Шығыс пен Батыс әлеміндегі озық көркемдік әдістерді қазақ дүниетанымына ендіріп, халқымыздың тереннен тамыр тартқан рухани әлемін басқа қырынан танытып, қазақ ұлттық мәдениетінің негізгі құндылықтарын жүйелеп ашып берді. Абайдың шығармашылығымен танысқан сайын жолайырықта тұрған адамның бейнесі естелейді. Ол өмір сүрген қоғамының бұрынғы тұғырлары мен құндылықтары келмеске кеткендіктен, өткенінен айырылған және қазіргісі тайғанак әрі тұрақсыз болғандықтан осы шағы жоқ адамның жағдайын кескіндейді. Ақырында, бұл осы тайқымалы, түсініксіз әрі кейде қасіретті болмастан көңілге үміт ұялататын келешектің кескінін құрастыруға тырысатын адамның жағдайын бейнелейді. Әсіресе, мұның соңғысы өте қажет, өйткені ойшылдың көміл сенімінше, «ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты жоқ халық рухани өлік. Ал, өмір болмаған жерде, кемелдену де болмайды».

Хәкім Абай туралы Алаш арыстары Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің тікелей бастауымен «Абай» журналының 12 нөмірі жарық көрді. Сол жұрналдағы Абай туралы Илияс Жансүгіровтің жазған естелігіне: «Түс-тұстан жау қысып, мал мен басқа дау түсіп, дағдарып қазақ сасқан соң, орысқа келіп бағынды... бұрынғы дәуірмен көзден бір-бір ұшты... Ұрлық, не түрлі әрекет керней бастады. Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалың надан, қар тұманды қақ жарып, бұлақтай жарқ етіп Абай тұды. Ақылды дана, рақымды әділ, шыңға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты

тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртынан сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, әрекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын...», – деп Абайдың ұлтымыздың тарихындағы орны мен ролін жақсы көрсеткен. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын алғашқы зерттеген Алаш арыстары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және тағы басқалары. Алаш ардақтылары Абайды ұлы деп емес, «хәкім» деп атаған. Хәкім дегеніміз – ғылымның бұл дүниедегі пайда-сына көп көңіл бөліп, адалдықты, ғылымды, мейірім-шапағатты сүйетіндіктен, адамзатқа қызмет жасауда өз нәпсілерін пида қылып, шындықты тауып, халқын өрге сүйреген жандар. «Адаспай тура іздеген хәкімдер болмағанда, дүние ойран болар еді», – деп Абайдың өзі айтқандай, ұлт тарихы мен мәдениетін сол ұлтты жан-тәнімен сүйіп, өрге сүйреген ойшылдардың дүниетанымынсыз ұлтты елестету мүмкін емес. Абай өзінің қара сөздерінде Сократты, Платонды, Аристотельді және Шығыс ойшылдарын хәкім деп атаған. Демек, хәкім дегеніміз – өз ұлтының болашағы үшін қам жеп, дұрыс жолды іздеуші.

Жаһандану жағдайында көптеген ұлттар мәдениеттанулық түсіндірме бойынша, мәдени нормалар арасындағы қайшылықтардың нәтижесінде орын алатын девиацияға тап болуда. Девиацияға анықтама берген француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм девиацияның негізгі себебі – аномия, реттеу нормаларының болмауынан деп түсіндірді. Реттеу нормаларының бұзылуы халықты жік-жікке бөліп, мәңгүрттік пен космополитизмге апарды. Испандық мәдениеттанушы



Сурет ангордан

Х.Ортега-и-Гассет қазіргі мәдени дағдарысты қоғамдағы биліктегілердің барлығының бұқараға өткендігімен байланыстырады.

Абай, 39 қара сөзінде қазақ халқының ұлттық мінезінің өзгеруіне ата-бабаларымыздың бойындағы екі жақсы мінезден (*ел басы, топ басының сөзіне құлақ асуда және намысқорлық, бір-біріне қаниа ренжисе де бірлікке бекем болуы*) алыстауында деп түсінді. Абайдың пікірінше, осы екі жақсы мінезді бойымызға қайтармасақ, жасаған әрекеттеріміз пайда әкелмейді.

Хәкім Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған. Ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысты. Мен осы кіммін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да

тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Ол өзінің философиялық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Абай адамдарды екіжүзділікке, өтірікші немесе өсекшіге айналдыратын, достықты сатып кетуге және жағымпаздыққа мәжбүрлейтін, бөлектенуден туындайтын руханилықтан жүрдай және тылсым сыртқы күштің ықпалымен болатын күнәһар әсерді де айқын түсініп, көрсетіп берді. Өркімді заман сүйремеқ,

Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек, – деп хәкім Абай айтқандай, адам өмірге кел-

гендегі басты миссиясын анықтау барысында, бірінші кезекте өзін-өзі тануы қажет. Танымаған жағдайда! Заманның соққан желіне төтеп бере алмай, болмысынан айырылады. Яғни, жаһанданудың бұқаралық мәдениет арқылы тарататын ақпараттары арқылы надандықтың кебін киеді. Бұл надандықтың белгісін хәкім былайша сипаттайды:

Көп айтса көнді,
Жұрт айтса сенді.
Әдегі надан адамның!

Надан адамның жаһанданудың құрған торына түскен белгісі «космополит», «фундаменталист» (Гидденс), «қозқаман» (Р.Бердібаев), «мәңгүрт», «люмпендер» секілді образдарға айналуы. Бұл образдағы адамдар ұлтың мәдениетіне, болашағына бейжай қарайтындар. Индивид күйіндегі адамды Абай топ, тобыр, дүрмек деп ажұалайды. Тобыр өздігінен түк те бітіре алмайды, «өңкей нөлге» айналады. Ал адамдар бір мүдденің, философиялық тілмен айтқанда, идеяның соңына түсіп біріксе, тобыр емес, зор күшке айналады. Сол идеяны Абай бізге аманаттады. Президентіміз Қ.Тоқаевтың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеп, осы бағытта ғалымдарымыздың тың зерттеулерін қолға алып, «Толық адам» концепциясын, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деген пайымы өте маңызды. Әсіресе, хәкім Абай құндылықтарының нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, өмірлік азығына айналдыру қажет. Халықтың рухын біктітеіп, ұлттың өзіндік санасы мен психологиясын өзгертіп, білімін көтермесе, жоғары технология негізделген серпінді экономикалық дамушы қоғам құру мүмкін емес.

Хәкім Абай ел-жұртың түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті,

қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Егер де жастарымызды Абайдың аманатымен тәрбиелемесек, «Заманақыр жастары» деген өлеңіндегі жастардың образдары көбейсе бермек. Сол өлеңге тоқталсақ:

Заманақыр жастары,
Қосылмас ешбір жастары.
Біріне-бірі қастыққа
Койнына тыққан тастары, – деп алғашқы шумағында, жастардың арасындағы бірліктің жоғалуын, бір-бірінің сөзін көтермейтін қатыгез образы сипатталса, әрі қарай:

Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны, – деп бұл шумағында, жастарды бала күннен бастап тәрбиелеу барысында жан-дүниесіне тиісті деңгейде көңіл бөлінбегендіктен, ар мен иманды саудаға оңай салатын жастардың көбеюін меңзеген. Әрі қарай:

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.
Бұл шумақта хәкім Абай хайуан сияқты тамаққа тойып мағынасыз, пайдасыз іспен айналысатын жастарды сипаттап, осы өлең шумағын күлмендеген, қалжыңдағын, біреуді сөз қылуға мәз болған, аузынан тек лас сөз шығатын адамның бейнесімен аяқтайды. Бүгінгі жас – елдің ертеңгі кірпіші. Кірпіштің сапасыз болуы елдің болашағына қауіпті. Сондықтан, Абайдың идеяларын мектептегі алғашқы сыныптардан бастап «өзін-өзі тану» сабағының жоспарына енгізу қажет. Сол арқылы «бір болса да жүзге таптың азаматтарды тәрбиелейміз». Олай болмаса, «жүз болса да бірге татымайтын ездерді көбейтеміз».

Жарқын ТҮСПБЕКОВ,
мәдениеттанушы,
Республикалық ақпараттық
түсіндіру тобының мүшесі



• ТІЛ – ТҰҒЫР

Елдігімнің айбары

Тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге біршама жұмыс атқарылды. Елімізде өмір сүретін өзге этнос өкілдерінің де қазақ тілін үйренуге ықыласы артып келеді. Десек те, атқарылар жұмыс әлі көп. Бәрі шешілді десек, артық айтқандық болар. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы назардан тыс қалдырған емес. Жапондықтан баласына 9 жасқа дейін басқа тілді оқытпайды екен...

Өзім бастауыш сыныптың мұғалімі болғандықтан қазақ тілі сабағында шәкірттеріме бабамыздан мұра болып, сан ғасырлардан бізге аман жеткен туған тіліміз – қазақ тілін жақсылап үйретуге тырысамын.

Қазір техника дәуірі. Қаптаған қажетсіз ақпарат көп. Сондықтан, мен оқушыларым қазақ тілін жетік меңгеруі үшін бар күшімді саламын.

Ұстаздық мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Әр күні сыныбыма кіріп келгенде көздері мөлдіреп, періштедей тап-таза оқушыларым күтіп алады алдымнан. Осы сәтте мен бар шаршауымнан арыламын. Өйткені, балапандарым менен үміттеніп, бірдеңе үйрену үшін, туған тілін меңгеру үшін, дүниені тану үшін келіп отыр.

Осының барлығы маған шығармашылық шабыт береді. Қазақ тілін шәкірттерімнің санасына мықтап сіңіру үшін түрлі әдіс-тәсілді қолданамын. Көрнекі құралдарды пайдаланамын. Өйткені, тек қана жазу жазғызып немесе сол баяғы қалыптасқан дәстүр бойынша қарапайым сабақ беру тәсілін қолдансақ, оқушыларды зеріктіріп аласың. Сабаққа қызықпай қояды. Сондықтан, қолым қалт етсе, көрнекі құрал дайындаймын, сабақтың жаңа түрлерін меңгеруге барымды саламын.

Оның үстіне, қазір елімізде білім саласына жақсы көңіл бөлініп жатыр. Сапалы білім беруге мектептерде барлық жағдай жасалып, қажетті ақпараттық базамен қамтылған. Оқушылар да осы мүмкіндікті пайдаланып, дер кезінде сатылап, әр сыныптың бағдарламасын меңгеріп отырса, ертең жоғары оқу орнына ойланбай түсіп, еліне пайдасы тиетін мықты маман болары сөзсіз.

Баланың тәрбиесін оның ана тілін жетік меңгеруін және білімді әрі бәсекеге қабілетті болып өсуіне ата-аналар да үлес қосыуы керек.

Самал АБУЕВА,
№25 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ардагер мұражайы жаңғыртылды

Саран қаласындағы №2 жалпы білім беретін мектептің Курьянов атындағы жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайы қайта жаңғыртылып, көпшілік назарына ұсынылды. Экспозициялық қорда 900-ден астам орден мен медаль, соғыс жылдарындағы хаттар, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жеке заттары бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұражайға өткен ғасырдың 30-40 жылдарындағы тұрғын үйлердің де суреттері қойылған.

Экспозиция он бөлімнен тұрады. Оның әр бөлімі әр тарихи оқиғалықтың немесе оқиғаның желісінен мол мәлімет береді. Мұражай жас ұрпақ үшін қала тарихына елеулі үлес қосқан адамдардың өмірбаянын да сақтап қалған.

– Қорға қаламыздың еңбек сіңірген ардагерлері Михаил Степанович пен Анна Михайловна Курьяновтардың есімдері берілген. 2012 жылы ашылған мұражайды биыл жаңарттық. Ашылуын қаламыздың 70 жылдығына орайластырдық. Осы жылдар ішінде мұражай барлық экспозицияны жасаған оқушыларға патриоттік, рухани-адамгершілік және азаматтық тәрбие

беру орталығына айналды. Әр экспозиция, мұражайдың әр бұрышы мұқият жасалған. Бастысы – өз тарихы бар. Біз оған ардагерлердің жеке заттарын жинадық. Қаламыздың тұрғындары әлі де түрлі қызықты экспонаттарды сыйға тартуды жалғастыруда, – дейді мұражай басшысы Илья Карпов.

Экспозицияның тұсаукесері патриоттық лента таратумен және мектеп аумағына жасыл желек егумен аяқталды. Бұл бесінші мерейтойлық ағаш егу екенін айта кеткен жөн.

Михаил Степанович Курьянов – ҰОС қатысушысы, білім беру жүйесінің ардагері. 1962 жылдан 1964 жылға дейін Саран қаласындағы №2 жалпы білім беретін мектептің директоры болып, абыройлы қызмет етті.

Анна Михайловна Курьянова – Саран қаласының Құрметті азаматы, тыл еңбеккері. Қазақ КСР Ағарту ісінің үздігі. Ол



Сурет облыс әкімінің сайтынан

жиырма жылдан астам уақыт бойы Саран Ардагерлер кеңесін басқарған. Педагогикалық жолы басталған №2 мектеп базасында жауынгерлік және еңбек даңқы мұражайын құрудың бастамашысы болға-

нын атап айту керек. Заман талабына сай жаңғыртылған мұражай жас ұрпақты патриоттыққа әрі еңбексүйгіштікке тәрбиелей берері анық.

САРАН

• ЖОБА

Оқушылар жеңісі

Қарағандылық төрт оқушы inDrive халықаралық IT-компаниясының Beginit жобасының финалистері атанды.

Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іріктеу кезеңіне 800-ден астам өтінім түсті. 500 адам қатысып, олардың тек 200-і онлайн білім беру платформасына нақ жеткізді. Балалар көшбасшылық және жобалық қызмет курстарында оқыды. Алматы тауларында олар үшін көшбасшылық дағдыларды дамытуға арналған тренингтер қарастырылған 5 күндік лагерь нәтижесінде 37 оқушы финалға өтті. Олардың қатарында қарағандылық Әлім Мәлік, Ерасыл Нұрпейісов, Нұрасыл Шәкір және Ділназ Мұстафина бар. Қазір барлық финалистер «Мектепке қауіпсіз жол» әлеуметтік жобасын жүзеге асыруда.

– Бағдарламамыздың жол-көлік мәселелерімен айналысатын Urban Forum Kazakhstan серіктесі бар. Барлық 37 қатысушыны «Мектепке қауіпсіз жол» әлеуметтік жобасына қостық. Балалардың әрқайсысы біздің әдістеме бойынша үйден мектепке өз жолын зерттеп, мәселені анықтауы керек. Бірақ, бұл жеткіліксіз,



Сурет облыс әкімінің сайтынан

олар шешімдер әзірлеп, олармен бірге қала үшін жауапты адамдарға шығуы керек. Балалар полицейлер, депутаттар, әкімдер және әртүрлі мемлекеттік бөлімдер, басқармалар басшыларымен байланыста болудан қорықпауы керек. Балаларды саналы аза-

рын игеру үшін пікірлес адамдарды табуға мүмкіндік бергіміз келеді, – деді Beginit by inDrive аға маманы Ерасыл Қабдрашев.

Финалистердің бірі – Әлім Мәлік пайдалы дағдыларды игеру үшін жобаға қатысқанын айтты.

– Бұл маған көпшіл болуға, адамдармен келіссөздер жүргізуді үйренуге көмектеседі. Енді жоғары тұрған мемлекеттік қызметшілермен сенімдірек сөйлесе бастадым. Жобадағы ең есте қаларлығы – көктемгі лагерь. Қарым-қатынас құру, жаңа нәрселерді үйрену қызықты болды. Финалдың жеңімпазы боламын деп үміттенемін. Осы аптада мен ата-аналар комитетінің 200 мүшесінің алдында сөйлеп, жол-көше ортасы мәселесін көтеремін. Оқушылармен сұхбаттастым, карта жасадым, – дейді 16 жастағы Әлім.

Жобаның соңғы кезеңі маусым айының басына жоспарланған. Алты жеңімпаз анықталып, оларға білім алу мақсатында шетелге сапардың жүлдесі ретінде білім беру дайындығына арналған гранттар және компьютерлер ұсынылмақ. Сондай-ақ, үздіктер болашақта Алматыдағы invision U by inDrive жаңа инновациялық университетінің студенттері бола алады.

Айта кеткен жөн, Beginit by inDrive бағдарламасы оқушылардың сапалы білім алуға және көшбасшылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Жобаның жаңа маусымы қыркүйекте басталады.



• ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Заң саласының майталманы

Жұмағұл Нығметұлы Шоженов – 1959 жылдың 15 қаңтарында Ақтоғай-Балқаш өңіріне белгілі Ағыбайдың Тасаралы атанған киелі жерде дүниеге келген.

1984 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің заң факультетін ойдағыдай бітірді. Еңбек жолын Жезказған ішкі істер басқармасының тергеушісі болып бастады. Бір жыл қызмет атқарған соң, Басқарма басшылары оған үлкен сенім білдіріп, сол кездегі Приозерный (кейіннен Тоқырауын) ауданына тергеу бөлімшесінің бастығы етіп тағайындады. Сол жерде 10 жыл қызмет атқарып, 1995 жылы құрылған Мемлекеттік Тергеу Комитетінің осы аудан бойынша бастығы болып қызмет атқарды. Екі жылдан кейін Балқаш аймақтық Мемлекеттік Тергеу Комитетінің бастығы болып жұмыс атқарды. Осыдан кейін, Қарағанды гарнизоны бойынша Әскери-Тергеу Басқармасының бастығы, Балқаш аймақтық Салық полициясының бастығы, Қарағанды облыстық Қаржы полициясының бөлім бастығы болып қызметтер атқарды.

2004 жылдың сәуір айынан бастап, Президенттің Жарлығымен Сәтбаев қаласының судьясы, 2006 жылдың 3 мамырында Мемлекет басшының Жарлығымен Балқаш қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы, ал 2010 жылдың 26 ақпанында ел Президентінің Жарлығымен Нұра аудандық сотының төрағасы, 2015 жылдың 18 ақпанында Мемлекет басшысының №1004 Жарлығымен Жезказған қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы болып тағайындалды. Жезказған қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының жабылуына байланысты, 2016 жылдың ақпан айынан бастап, Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы соттың судьясы, 2022 жылдың қараша айынан бастап, Ұлытау облыстық сотының судьясы болып қызмет атқарып жатыр. Әділет полковнигі шені бар.

Жұбайының есімі – Гүлнара. Ұлы – Данияр Бұқар жырау атындағы қазақ-түрік лицейінің түлегі. Қытайдың Шанхай Университетін (Қытай) үздік бітіріп, казіргі кезде «Самұрық-Қазына» Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқат қорында жауапты қызметте. Данияр бес тілде, ал Астанадағы Назарбаев зияткерлік мектебін бітірген қызы – Ақжан бес тілде еркін сөйлеп, қазақ күйлерін шебер орындайды және бұл құбылыс, қатарлас азаматтардың көбіне үлгі боларлық жайт. Ақжан Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде лауазамдық міндеттерді абыроймен атқарғаны, әрі жемісті еңбегі, іскерлік қабілеті жоғары бағаланып, 2020 жылы Президентіміздің Жарлығымен «Қазақстан Конституциясына – 25 жыл» медалімен нағрадалды.

Қазір Ақжан Германия елінде жемісті қызмет атқарып жатыр.

Жұмағұл ағамыздың еліміздің өркендеуі жолында лауазымдық міндеттерді абыроймен атқарғаны, әрі жемісті еңбегі, іскерлік қабілеті жоғары бағаланып, 2020 жылы Президентіміздің Жарлығымен «Қазақстан Конституциясына – 25 жыл» медалімен на-



градталды және өткен жылы сот жүйесіндегі көп жылғы мінсіз еңбегі, сот төрелігін жүзеге асырудағы жоғары көрсеткіші, белсенді қоғамдық қызметі үшін «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталды. Бұл құрмет белгісі – сот саласындағы ең биік марапат.

Одан басқа, Халықаралық қазақ творчестволық «Бейбітшілік әлемі» бірлестігінің «Ұлт мақтанышы», республикалық Ардагерлер қоғамдық бірлестігінің Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медальдарымен марапатталған.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Қарағанды облыстық соты және Қарағанды облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен Қарағанды қаласындағы «Достық» үйінде 2019 жылдың сәуір айының 25 жұлдызында жазушы, тарихшы, зерттеуші, заңгер, құқық қорғау, сот саласында 30 жылдан астам қызмет атқарғаны, Алты Алашқа белгілі, аты аңызға айналған, атакты Ағыбай батыр туралы және қазақтан шыққан атакты тұлғалары бейнеленген, тарихи-деректі «Ақжолтайдың Ақ Жолы» атты кітабының тұсауы кесіліп, 60 жасқа толған мерейтойына байланысты шығармашылық кеші өтті. Осы мәдени іс-шараға қатысқан, елімізге белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар, тарихшылар, сот саласының ардагерлері және әріптестері жылы лебіздерін білдірді.

«Қазақстанның Заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесінің 2021 жылдың 7 желтоқсанындағы №21 шешімімен, сот саласы мен құқық қорғау жүйелерінің көп жылдық, мінсіз қызметі мен білімді маман, белгілі заңгер ретін-

де, «Қазақстанның Құрметті заңгері» атағы берілген болатын.

2008 жылдан бастап Қазақстан Журна-

листер одағының мүшесі.

Одан басқа, ақпарат құралдары ұлттық мүддеге қызмет ететін басты құрал және азаматтық парыз ретінде, бұл іске заңгерлердің де атсалысуға қажысы бар және һәм міндетті. Сондықтан, ол құқық қорғау саласында және сот жүйесіне енгізілетін реформалар, тың жаңалықтар жайында, елімізден шыққан ұлт мақтаныштары туралы, жүйелі түрде газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрады. Осы ерекше белсенділігін ескеріп, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің 2021 жылдың 3 қарашасындағы №020 бұйрығымен оған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне – 90 жыл» мерейтойлық медальін табыстады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдармалық мақаласын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында, Қазақстан республикасы «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» атты байқауына қатысып, жеңімпаз атанды.

Одан басқа, Қарағанды облыстық соты төрағасының Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталған.

Жұмағұл Нығметұлы көп жыл бойы елімізден шыққан би-шешендер мен батырларды зерттеумен шұғылданып, бірнеше жыл бойы Ақжолтай Ағыбай батырды дәріптеуге арналған игі іс-шараларды қолға алды.

Атап айтқанда, Балқаш қаласының Тәу-

елсіздік алаңында тұрған Ақжолтай Ағыбай батырдың қоладан сомдалған ескерткішін қоюға мұрындық болып, бірнеше жыл аянабай тер төкті.

Қазіргі кезде, Тәуелсіздік алаңы Балқаш қаласының ең сәулетті, халықтың көп жиналатын жеріне айналды. Бұл күндері қаланың барлық маңызды іс-шаралары, осы алаңда өтеді, халықтың дем алатын сүйікті орны және қаланың визиткасына айналды.

Осылай, «Талаптыға нұр жауар» дегендей, Жұмағұл Нығметұлының көп жылдық шаршамай-талмай атқарған еңбегінің арқасында, ұлтжанды меценаттар мен жомарт жандардың көмегімен, бюджет қаражатының бір тиыны да жұмсалмай, қоладан құйылған әсем ескерткіш пен көркем алаң, Балқаш қаласының халқына сыйға тартылды.

Жұмағұл Нығметұлы сөз өнерін игеріп, «Саржан-Кенесары-Наурызбай» бастаған, қазақ халқының бодандыққа қарсы XIX ғасырдың ортасында жүргізген ұлт-азаттық соғысының қаһарманы, кейінгі ұрпаққа батырлықтың бейнесі, символикасы ретінде жеткен Ақжолтай Ағыбай батыр туралы 2002 жылы «Ақжолтай Ағыбай батыр», 2009 жылы «Ақжолтай Ағыбай батырдың биліктері», 2010 жылы «Арғын-Қаракесек-Қарсөн-Аралбай», ал, 2014 жылы «Аңызға айналған ақиқат» деген деректі кітаптар жарық көрді.

2013 жылы жарық көрген Шет ауданының энциклопедиясының редакция алқасының мүшесі болды. Одан басқа «Бегалы би», «Қопбай қажы», «Есберген болыс», «Боранқұл батыр», «Дарабоз күйші Әбікен Хасенов» «Дара жұлдыз – Шокан», «Абайдың біз білмейтін қырлары», Жоғарғы Соттың көп жыл бойы судьясы болған Кеңес Жалмұханбетов және сот саласында көп жыл бойы абыройлы қызмет атқарған, Ақтоғайдың тумасы Бақытбек Сыздықов, ақ халатты абзал жан, атағы дүниежүзіне жайылған, алтын қолды хирург Қарағанды онкология диспансерін 20 жылдан аса басқарған Мұратбек Жұмақаев туралы тарихи очерктердің де авторы.

Арқа өңірінен шыққан дуалы ауыз би-шешендер, сот-құқықтық саласындағы реформалар, сот жүйесіндегі түбегейлі проблемалар туралы тұрақты түрде газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрады. «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кенесары хандығының саяси құрылымы және Ақжолтай Ағыбай батырдың қазақ әскерін басқаруы мен жүргізген биліктерінің қазақ мемлекетін қалыптастырудағы саяси-құқықтық маңызы» атты зерттеу тақырыбына, 12.00.01. - мемлекет және құқық теориясы мен тарихы мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаттығына ізденуші болып тіркелген. Екі мақаласы академик С.Зимановтың басқаруымен жарық көрген өте құнды, терең зерттелген, теңдесі жоқ, он томдық ғылыми жинақ «Қазақтың ата заңдарының» IX-X томдарына кірді. Сот-құқықтық саласындағы проблемаларға арналған бірнеше ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, бірнеше баяндамалар жасаған.

2020 жылы облыстық соттың ұйымдастыруымен өткен Қарағанды облысынан шыққан еліміздің мақтаныштары туралы деректі бейнефильм түсіруге, «Алашқа темірқазық – хакім Абай» атты облыстық жас акындар жыр мүшәйрасын ұйымдастырып, жинақ шығаруға белсене атсалысты.

Өткен жылғы, Қарағанды облыстық сотының тапсырысы бойынша әзірленген, Сот жүйесінің қызметкерлеріне арналған үш оқу құралын дайындау барысында, қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің ерекшеліктері модульін әрі сарапшы, әрі жауапты тұлға ретінде атсалысып, мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеруде, қазақ тілінде сөйлеушілер қатарын арттыруға және сот саласының тілдік ахуалын жақсартуға өз үлесін қосты.

Одан басқа, елімізге белгілі сазгер досы, әрі жерлесі Наурызбай Бейсекеевпен бірлесіп, төрт ән жазды. 2016 жылдың жазында, талантты әншілер – Мирас пен Құралайдың орындауындағы «Тасарал вальсі» әні бейнетаспаға (клип) түсіріліп, халық әнді өте жақсы қабылдады.

Тағы бір тағылымды қыры – туған ауылы Тасаралға, сондағы мектепке үзбей қамқорлық жасауы. Осы ауылдың іргетасы қаланғанына 90 жыл және алтын ұя – білім ошағының құрылғанына 85 жыл толуына байланысты ұйымдастырылған мерейтойдың жоғары дәрежеде өтуіне де көп еңбек сіңірді және ауылда Жеміс күніне арналып, жылда өтетін шағын футбол турниріне де демеуші ретінде көмек көрсетіп келеді.

Осы жылы, бірнеше ұжым Жұмағұл Нығметұлына «Балқаш қаласының Құрметті азаматы» және Тасарал ауылының тұрғындары да Жұмағұл ағамызды «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» марапатын беру туралы ұсыныс жасады. Осы ұсыныстарды Балқаш қаласы мен Ақтоғай ауданының басшылары қолдайды деп сенім білдіреміз!

Заң саласының майталманы, ұлтжанды азамат, қара қылды қажарған би ағамыз биыл мерейлі 65 жасқа толып отыр.

Таяуда облыстық «SARYARQA» телеарнасы аяулы ағамыздың биылғы мерейлі 65 жасқа толуына байланысты «Тарих пен тағдыр» деген мән-мағынасы терең тарихи жобасының аясында, ол кісінің өмірбаяны мен көп жылғы жүріп өткен қажырлы қызмет баспалдақтары жайлы құжатқа толы кішігірім фильм түсіріп, жарыққа шығарды. «Барлық мамандық адамнан, тек дәрігер, мұғалім, судья мамандықтары Алладан», – деген данышпан Сократтың айтқанындай, заң саласының ең биік шыңына шыққан, жалқылар ізденіп, жан-жақты зерттеп-зерделеп, қазақ халқының тарихын ғылымға айналдырған, біртуар тұлға, ардақты ағамыз қызметтік лауазым-мансапқа емес, ұлттың болашағына еңбек еткенін елге жеткізіп, келер ұрпақ – бауырларының атынан, ағамызды мерейтойымен құттықтап, жүрекжарды алғысымды білдіреміз!

Ізтолеу ТҮСПӨВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Халық алғысы» медалінің иегері, ақын, қоғам белсендісі

Алқабилер: әділ төреліктің алғышарты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында сот қауымдастығының алдында заңның үстемдігін қамтамасыз ету, оның қолжетімділігі мен қоғамның сот саласына деген сенімін арттыру секілді бірқатар талаптар қойған болатын. Бұл мақсатқа қол жеткізудің бірден-бір жолы – алқабилер институты. Осыған орай, Мемлекет басшысы «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек» дей келе, олардың жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажеттігін де айтты. Бүгінде облыста алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің саны ұлғайған.


Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқабилер қатысатын істер саны артты

Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Бекзат Шалғымбаев алқабилер институты халықтың сотқа деген сенімін арттыруға көбірек ықпал ететінін айтады. Себебі, олар кәсіби судьямен қатар сот төрелігін жүзеге асыруға тікелей қатысады, сот саласының жұмысын көзбен көріп, өз бойынан өткізеді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысында Қылмыстық-процестік кодекске бірқатар өзгертулер енгізілді. Атап айтқанда, 2023 жылдың қаңтарынан алқабилердің қатысуымен қаралуы тиіс қылмыс саны 14-тен 35-ке дейін, ал, биылғы қаңтардан 44-ке дейін ұлғайды. Одан бөлек, алқабилер бұдан былай аса ауыр қылмыстарды ғана емес, ауыр және

Қылмыстық-процестік кодекске бірқатар өзгертулер енгізілді



ауырлығы орта қылмыстарды да қарайтын болады, – дейді Бекзат Маратұлы.

Мәселен, Қылмыстық кодекстің 116-бабы бойынша – адамның ағзалары мен тілдерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою, 146-бабы бойынша – қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадыр-қасиетті қорлайтын қаны

мен қаралуы тиіс қылмыстың көбеюіне байланысты олардың қатысуымен қаралған істердің де саны артқан. Атап айтқанда, өзгерістер енгенге дейін яғни, 2022 жылы облыстың қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты алқабилердің қатысуымен небары алты іс қараса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 26 іске дейін ұлғайған.

Тұрғындар сот істерін қарауға құлықсыз

– Әлбетте, алқабилердің қатысуымен қаралуға жататын істер санының артуы заң үстемдігін, сот төрелігінің қолжетімділігін және қоғамның сот саласына сенімін арттыруға оң ықпалын тигізгі сөзсіз. Бүгінде қоғамның сот саласына деген талабы жоғары және айтылар сын да аз емес. Кейде, қаралған нақты бір істер бойынша қоғамдық пікір туындап, қабылданған шешім

халық арасында сыналып жататыны баршамызға белгілі. Бірақ, сол қоғамның басым бөлігі алқабилер ретінде сот істерін қарауға қатысуға құлықсыз, – дейді Бекзат Шалғымбаев.


Төраға көбіне алқабиге кандидаттар түрлі сылтау айтып, істі қарауға қатысудан сытылып кетудің амалын іздейтінін айтады. Бұның

бірінші себебі – біреудің тағдыры үшін жауапкершіліктен қашу. Сондай-ақ, негізгі жұмыс орнынан теріс көзқарастың болы да кері әсерін тигізеді. Бірақ, алқабилер ретінде сотта істі қарауға қатысқаны үшін ақы төленетінін де айту керек. Ал, егер алқабилер облыс орталығында тұрмайтын болса, тұрғын үй жалдау, тәуліктік шығындар төленетінін де айту керек. Одан бөлек, сотта алқабилер ретінде қатысқан уақыт жалпы еңбек өтіліне есептеледі және жұмыс беруші оны жұмысынан шығарып тастай алмайды және лауазымын төмендетуге жол берілмейді.

Сотқа келу – міндетті

2022 жылы «Алқабилер туралы» Заңға өзгерістер енгізілген болатын. Оған сәйкес, алқабилер тізімі жасалып, онда адамның аты-жөні, жасынан бөлек тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер көрсетіледі. Бекзат Шалғымбаев өзгерістер кандидаттарға сотқа келу туралы хабарлама жіберу жұмысын біршама жеңілдеткенін айтады. Ол сондай-ақ, азаматтарды сотқа келу керектігі туралы тиісті түрде хабардар ету жұмысын одан әрі оңтайландыру үшін тізімге олардың телефон нөмірлері мен электрондық пошталарының деректерін енгізу қажет деп санайды.

– Бүгінде алқабилерді іріктеу үшін сотқа келу керектігі жөнінде хабарландыру мәселесі өзекті болып тұр. Сотқа шақырылған адамдардың тек 15-20 пайызы ғана келеді. Кейде іріктеуді өткізуге қажетті адам саны да жиналмай, сот



Реформа – өміршең өзгерістер

процестері кейінге қалдырылып жатады. Бұл мәселе сотқа келу керектігі жөнінде тиісті хабардар етумен тікелей байланысты. Көбіне азаматтар тіркеу орындары бойынша тұрмайды, болмаса туыстарының үйінде тіркеуде, – дейді Бекзат Маратұлы.

Төраға соттың ақпараттық жүйесіндегі ақауларға байланысты сотқа шақырту мәселесі де қиын екенін айтады. Ал, «WhatsApp» немесе СМС арқылы жіберілген хабарламаны көпшілігі алаяқтық әрекетке теңейді екен.

– Сотқа келуі керектігі туралы хабарламада азаматтардан дербес ақпарат сұралмайды және онда сот пен сот қызметкерінің деректері, телефон нөмірлері көрсетілетінін айта кеткен жөн. Демек, шақыру жіберілген адамда қандай да бір құмнан, күдік болса ол кез келген уақытта сотқа жеке келіп, немесе телефон арқылы қоңырау шалып, керекті ақпаратты ала алады. Керек болған жағдайда жұмыс берушіге ұсыну үшін шақырту қағазын алуға да болады, – дейді ол.

Сотқа шақырылған адам дәлелді себептерсіз сотқа келмегені үшін және сотқа шақырылған адамға сотқа баруына кедергі жасағаны үшін заңда белгіленген жауапкершілік қарастырылған.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Отан қорғаушылар құрметтелді

Балқашта М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында батырлық пен ерлік ерекше дәріптелетін еліміздің айбынды мерекесі – Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға қала халқы, құқық қорғау органдары, әскери бөлімінің қызметкерлері мен саланың ардагерлері қатысты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзінің құттықтау сөзінде Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев Қазақстанның Қарулы Күштері қуаттанып, айбынды әскерге айналғанын атап өтті.

– Бұл мереке – Отан алдындағы адал борышын өткерген нағыз ерлердің, Отан үшін отқа түскен бабаларымыздың мерекесі. Бүгінде сайыпқыран сарбаздарымыз Отанымыздың тыныштығын қорғап, өздерінің әскери борыштарын абыроймен атқарып келеді. Әрбір азаматтың парызы – Отан қорғау. Отан қорғаушының бейнесі жастарды елдікке баулитындығы анық. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Армия – мемлекетіміздің берік қорғаны» деген болатын. Біз әскеріміздің айбыны мен қуатына қашан да нық сенімдіміз, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Отан қорғаушылар күні негізгі мереке екендігін алға тартқан қала басшысы алдымен әскерилерді құттықтады. Мерекелік шарада әскери борышын адал



орындап, мінсіз қызметін дәлелдеп келе жатқан азаматтар түрлі марапаттарға ие болды.

Отан қорғаушылар күніне орай Балқаш қаласы әкімінің Алғыс хатымен 53898 әскери бөлімінің рота сержанты, мате-

ше бастығы Гүлнара Шарипова, Балқаш гарнизоны әскери полиция бөлімшесінің офицерлері Асылхан Сыздықбай, Жасұлан Қыдырманов, Балқаш қаласындағы №4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөн-

діруші-құтқарушы Нұрсұлтан Таңатбеков, Балқаш қаласы полиция бөлімінің рото-патрульдік полиция қызметінің инспекторы Нұртуған Әбдіғаппар бастаған әскери бөлімшелердің сарбаздары, құқық қорғау саласының, төтенше жағдай мен әскери-патриоттық клубтардың өкілдері марапатталды.

Сонымен қоса, су тасқынынан зардап шеккен Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы азаматтарына арнап, гуманитарлық көмек жинауға және жеткізуге белсенді атсалысқаны үшін «Күшіміз бірлікте!» номинациясына Ғабит Жақыпов, Нұржан Қасымжанов, Мұратбек Қазанғапов, Ерлан Хаматұлы, Нұржан Ержанұлы, Айдар Мұхтарханұлы, Біржан Қарпықұлы ие болды.

Биыл әскер қатарына шақырылған жастарға әскери бұйрық оқылып, болашақ сарбаздар Отан алдында адал қызмет жасауға әзір екендігін жеткізді. Сахнаға көтерілген «Балқаш қаласындағы Ауғанстан соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің әскери бауырластығы» ҚБ-ның төрағасы Бауыржан Мухамедиев бастаған Ауғанстан соғысының ардагерлері әскерге шақырушыларға сый-сияпат жасады.

БАЛҚАШ

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», – деген хакім Абай. Озық ойлы адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Дарынды, жас талантты, талапты жастар – еліміз бен мектебіміздің жарқын болашағы. Қазіргі мектепті жетілдіру бағытының бірі – дарынды балалармен жұмыс.

Мектебімізде де қазақ ұлтының болашағы, үміт артқан ертеңі болып өсіп келе жатқан жас жеткіншектер тәрбиеленіп, білім алууда. Қай қоғамға болсын, ойлау қабілеті дамыған шығармашылықпен айналысатын талантты, дарынды жастар қажет, сондықтан, мектептің міндеті – осындай балаларды анықтап, қолдау көрсету. Дарынды балалармен жұмыс – білім мекемелері мен мемлекет қолдауын қажет ететін, үнемі дамитын, үздіксіз процесс. Қазір дарынды балалармен жұмыс істейтін бірнеше жұмыс формасы бар. Пәндік олимпиадалар, балалардың көркем әдеби шығармашылық конкурстары, спорт ойындары, т.б.

Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі. Олимпиадаға дайындық жұмыстары жүретін клуб, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын қалыптастыру мақсатында ғылыми жобалар клубы, шешендік өнерін қалыптастыратын, арттыратын «Самғау» арнайы оқушылардың ғылыми қоғамы ұйымдастырылған. Оның президенті, мүшелері сайланды, олармен ай сайын отырыс өткізіледі.

Оқу жылының басында пән мұғалімдерінің ұсыныстарымен дарынды оқушылар анықталады. Миссиясы – кәсіп түрін саналы таңдауға дайын, өзгермелі қоғам өміріне бейім, жоғары мәдениетті, зерделі тұлға қалыптастыру.

Мектеп моделі – қоғамның сұранысын, кең көлемде ойлай білетін, коммуникабельді, ақпа-



ратты білімге айналдыра алатын бәсекеге қабілетті табысты тұлға. Күтілетін нәтиже – «Самғау» Күтілетін нәтиже – «Самғау» оқушылардың ғылыми қоғамы жұмысын жаңа мазмұнға икемдеу, инновациялық білім беру модельдерін жетілдіру.

Биылғы оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңінен 7 сынып оқушысы Айзат Шаймұрат ең жоғары ұпаймен бірінші орынға ие болды. Осы тұста зерделі де зейінді оқушының бойындағы математикалық қабілетін арттырып, арнайы бағдарламалар мен сан алуан іс-шаралар жүзеге асырып, өз үлесін қосып

Қарағанды облысының намысын қорғау мақсатында оқушымыз Білім-Инновация лицейлерінің оқушыларынан құралған «Білгірлер» командасымен бірге жұмыс істеді. Нәтижесінде Айзат Павлодар қаласында өткен «Х Аймақтық жас математиктер» турнирінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Және де оқушымыз «Ең жас математик» номинациясын иеленді.

Оқушымыз республикалық кезеңде өз білімін сынап, жақсы нәтиже көрсетті. Бұл жетістік сыртында дарынды оқушыны анықтап, оны дамытқан ұстаздың еңбегі зор деп білемін. Жалпы, дарынды баланы анықтау және қолдау оқытушының шеберлігін

қажет етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздарға байланысты. Шығармашылықпен жұмыс істей-

Роза Муслимовна ЖАМИЕВА

2024 жылғы 12 мамырда заң ғылымдарының кандидаты, доцент Роза Муслимовна Жамиева өмірден өтті. Роза Муслимовнаның кәсіби жолы педагогикалық қызметпен байланысты, ол отыз жылдан астам уақыт Қарағанды Бөкетов университетінің заң факультетінде жұмыс істеді. Роза Муслимовна еңбек жолын қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы болып бастап, аға оқытушы, доцент, профессор лауазымына дейін көтерілді. 2001 жылдан 2020 жылға дейін қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Сонғы жылдары Роза Муслимовна Қазақстандық заңгерлер одағының мүшесі, сондай-ақ Халықаралық сот төрелігіне жәрдемдесу қауымдастығының мүшесі, «М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗПЮУ университеті» АҚ философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің орынбасары болды.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы Роза Муслимовна Жамиеваның туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады. Ол біздің жадымызда мәңгілікке мейірімді, талантты, ақылды адам болып қала береді.

Қайғырамыз...



Академик Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің ұжымы

Д

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және СММ», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтау», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылжытатуга және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№155

• ӨЗЕКТІ

Гаджеттің зияны көп

Смартфондар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бірақ олардың біздің денсаулығымыз бен әлауқатымызға әсері барған сайын алаңдатады. Технологияның қарыштап дамыған заманында гаджеттің тұтқынына айналмау мәселесі үлкен үшін де, бала үшін де маңызды.

Ғалымдар смартфондардың адам денсаулығына әсерінің әртүрлі аспектілерін белсенді түрде зерттеп жатыр және олардың көпшілігі белгілі бір алаңдаушылықтарды білдіреді. Смартфондарға қатысты негізгі мәселелердің бірі – олардың физикалық денсаулыққа әсері. Смартфонды үнемі пайдалану нашар қалыппа, бастың үнемі қисаюына байланысты Арқа мен мойын проблемаларына, сондай-ақ экранның көгілдір жарығының көзге ұзақ уақыт әсер етуіне байланысты көру проблемаларына әкелуі мүмкін. Физикалық мәселелерден басқа, смартфондар психикалық денсаулыққа да әсер етеді. Көптеген зерттеулер смартфондарды өз үлесін қосатын бүгінгі оқушы – ертеңгі азамат болғандықтан, оқу үрдісін жаңартып, білім сапасын арттыру мұғалім құзырындағы жауапты іс.

Сымбат СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ш.Батталова атындағы тірек мектебі директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары

Шег ауданы

білдіреді. Ұйықтар алдында смартфон экрандарының көгілдір жарығына әсер ету ұйқысыздық пен басқа ұйқының бұзылуына әкелетін табиғи ұйқы-ояну циклін бұзуы мүмкін. Дегенмен, смартфондарды пайдаланудың барлық салдары тек теріс емес екенін атап өткен жөн. Смартфондар сонымен қатар көптеген ақпаратқа, білім беру ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді, жақындарыңызбен байланыста болуға мүмкіндік береді, тіпті әртүрлі қолданбалар мен Қызметтер арқылы денсаулықты жақсарту құралы бола алады. Дегенмен, ықтимал тәуекелдер туралы хабардар болу және олардың әсерін азайту үшін шаралар қабылдау маңызды. Бұған смартфонға кететін уақытты шектеу, уақытты бақылау үшін арнайы қосымшаларды пайдалану, денеге әсерді азайту үшін үзілістер мен жаттығулар жасау, психикалық денсаулық пен әлеуметтік байланысты сақтау үшін онлайн және офлайн әрекеттерді теңестіру кіруі мүмкін.

Қорыта келе, смартфондар бізге көптеген артықшылықтар әкелгені сөзсіз, бірақ олардың ықтимал зиянды әсерлерін де есте ұстаған жөн.

Диляра АРҒЫН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің 4-курс студенті

• ҚҰҚЫҚ

«Оқжетпес» айыппұл арқалады

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті заңды тұлғаның өтініші негізінде «Оқжетпес-Т» кәсіпорнына қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізді.

Еркнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тексеру барысында «Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылу энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсету шартын жасасқаны анықталды, ол стандартты нысанға сәйкес келмейді, – деп хабарлады табиғи

монополияларды реттеу департаментінің өкілдері.

Мұндай шартты жасау тұтынушыны жылумен жабдықтау қызметтері үшін қайта есептеуді талап ету құқығынан айырылуына әкелді. Қарағанды облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу департаменті Қазақстан Республикасының

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 164-бабының 4-бөлігімен әкімшілік іс қозғады. Осыған байланысты, «Оқжетпес-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2 953 600 теңге айыппұл арқалады.

Еске салайық, «Оқжетпес-Т» кәсіпорны Теміртау қаласының тұтынушыларына жылу энергиясын беру, тарату және жеткізу, электр энергиясын беру және тарату, сумен жабдықтау қызметтерін көрсетеді.



Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

43-21-55

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



• ТЕАТР

«Айсұлу» операсы сахналанады

Қазақтың көрнекті композиторы, ҚазКСР мен КСРО Халық артисі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры концерттік орындауда «Айсұлу» комедия операсын сахнаға әзірлеп жатыр. Қойылымның тұсаукесері 26 мамыр күні сағат 17:00-де аталған театрдың Қызыл залында өтеді.



Айтулы кешке солистер, симфониялық оркестр және театр хоры қатысады. Қоюшы-дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абзал Мұхитдинов (Астана), сахналаушы-режиссер – «Нано-Опера» V Халықаралық жас опера режиссерлері байқауының лауреаты, «Астана опера» театрының режиссері Еңбек Тойкенов.

– Сыдық Мұхамеджанов қазақ музыкалық театры тарихындағы алғашқы комедия операсын жазды. Қуандық Шаңғытбаев пен Қанабек Байсейітовтің либреттосы қазіргі қазақ жастарының өміріне негізделген. «Айсұлу» спектаклінің премьералық қойылымы 1964 жылы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында сахналанған. Содан бері бұл опера көрермендердің сүйікті туындысына, ал, көптеген нөмірлер концертке айналды, –

деп атап өтті театр қызметкерлері. Басты кейіпкерлер – Сұлу Айсұлу мен қызғаншақ Серке – қыздың сұлулық байқауына қатысқысы келетіндігі үшін жанжалдасады. Әрекет барысында әуесқойлар өздерінің сезімін тексеріп көреді.

Қойылым Сыдық Мұхамеджанов шығармаларын насихаттап, оның өміршеңдігін паш етуді көздеп отыр.

Композитордың «Айсұлу», «Жұмбақ қыз», «Ақан сері – Ақтоқты» опералары, «Ғасырлар дауысы» ораториясы, «Қуаныш отаны» және «Дархан дала» симфониялық күйлері, скрипка, қобыз, обой, домбыра және т.б. концерттері қазақ мәдениеті мен өнерінің алтын қорындағы асыл қазына болып қала бермек.

Өз тілшімізден

Қайтқан құстың қанатынан жыр саулап...

Қарағандыда елімізге белгілі айтулы ақындардан бастап, талантты жас шайырлардың басын қосып, бүгінгі әдебиеттің даму бағытын айқындау нәтижесінде қолға алынған республикалық «Қарағанды көктемі» поэзия фестивалі басталды. Салтанатты шараның ашылуы Қарағандыдағы Достық үйінде өтті. Аукымды шара облыс әкімдігі және Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыруымен екінші мәрте өткізіліп отыр. Фестиваль биыл екі күнге созылмақ. Ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қатысып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтауын жеткізді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ермек Алпысов Ерлан Қариннің құттықтау хатын ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлына арнайы тапсырды. Ол хатта:

– Қазақ қашанда сөз өнерін жоғары бағалаған. Біз – «Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы» деп, жыр қадірін жете түсінген елміз. Руханиятымыздың алтын қазығы іспетті жыраулар дәстүрін, сондай-ақ, ұлы Абайдан бастау алатын әдебиет алыптарының дара жолын бүгінгі ақындарымыз лайықты жалғастырып келеді. Мәдениетіміздің өресін кеңейтіп, оны барынша дамыту – мемлекеттің маңызды басымдықтарының бірі. Осы орайда, шығармашыл зиялы қауым өкілдері ерекше рөл атқарады. Бұл фестиваль ақындардың аға буыны мен жас толқынның арасындағы рухани сабақтастықты сақтауға және төл әдебиетімізді жан-жақты насихаттауға зор үлес қосады деп сенемін, – делінген.

Фестивальде Ұлықбек Есдәулет, Серік Ақсұңқарұлы, Сұраған Рахмет, Қасымхан Бегман, Светкалі Нұржан, Гүлнәр Салықбай, Маралтай Райымбек, Оңайгүл Тұржан, Жанат Әсербек және басқа да елге танымал ақындар арнайы шақырылған. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегман өз кезегінде:



– Қарағандының ақындарына алғысым шексіз! Екінші жыл қатарынан қаламгерлердің басын қосып отыр. Осындағы филиалдың директоры, ақын Жанат Жаңқашұлының еңбегін ерекше атап өткім келеді. Фестивальде бүгінгі қазақ поэзиясының біршама мәселесі көтеріледі. Мұндай шара ақындарға ауадай қажет. Одақ төрағасы Мереке Құлқеновтің ыстық сәлемін қабыл алыңыздар, – деп сәлемін жеткізді.

Сонымен қатар, Серік Ақсұңқарұлы, Ұлықбек Есдәулет те арнайы сөз сөйлеп, ізгі тілегін білдірді.

Ашылу рәсімінен кейін қаламгерлер дөңгелек үстелге жайғасты. Дөңгелек үстелді Жанат

Жаңқашұлы тізгіндеп, оқырман, жалпы, кітап мәселесі жайында сөз қозғады. Бекітілген спикерлер баяндама жасап, қазіргі қазақ поэзиясындағы түрлі мәселелерді ортаға салды. Баяндамашылар қатарында қарағандылық ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Салтанат Қайырбек те бар. Ол кітап сатылымы тақырыбын қозғады.

Жас ақын «Кітаптың бүгінгі функциясы қандай?» деген сұраққа жауап іздеп, шағын сауалнама жүргізіпті. Нәтижесінде ақындардың жыр жинағын сатып алушылардың 70%-ы кітапты ақынға деген құрметі үшін сатып алады екен. 7%-ы ақынның жаңа



өлеңдерін оқу үшін, 10%-ы таныстарының кеңесімен, қалған 13%-ы – сыйлық ретінде және басқа себептермен сатып алады екен.

– Осы нәтижеге сүйене отырып, әлеуметтік желілердің дамыған тұсында кітап – авторлардың жаңа туындыларын оқырманға жеткізетін негізгі құрал емес екеніне көз жеткізуге болады. Демек, кітап нарығында қалыптасқан, танымал ақындардың кітабы сұранысқа ие. Бірақ, бұл танымал ақындардың кітабы бірден бестселлер болып кетеді деген сөз емес. Тауар – сатып алушыға мақтаныш, кемі жағымды эмоция сыйлау керек екен. Ал, қалыптасушы авторлардың, немесе тек әдеби ортада ғана әйгілі авторлардың кітабы қарапайым оқырманға ондай әсер қалдыруы факт емес. Демек, небір классик аға-әкелеріміздің туындылары, қалыптасып келе жатқан қаламгерлердің кітаптары ел арасында тиісінше, заманға сай насихатталуы үшін өз функциясы айқын, жұмысы тиянақты, жүйелі портал қажет, – деді Салтанат Қайырбек.

Сонымен қатар, дөңгелек үстел басында Ұлықбек Есдәулет аудармашылар хақында өз пікірін айтты.

– Шығармаларды шет тіліне аудару жолдарын табу әсте қиын емес. Қиындық тудырмайды да. Тек, мәселе – мынада. Бізде кәсіби талантты аудармашылар жоқ. Сондай аудармашылар табу қиын, – деді ақын.

Бұдан бөлек, Светкалі Нұржан, Ақберен Елгезек пен Дәурен Берікқажы сынды айтары бар ақындар ойын ортаға салып, баспахана мәселесі жайында сөз қозғады.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет
ұйымдастырушылардан

• БӨРЕКЕЛДІ!

Бір алтын, бір күміс

«Қайрат» ұлттық спорт түрлері бойынша Қарағанды мектебінің жаттықтырушылары садақ атудан дәстүрлі түрде өтетін ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Кубогынан жүлделі оралды.

Нақтырақ айтсақ, Ольга Ковалева алтын, ал, Кая Мазнева күміс жеңіп алды.

Республикалық біріншілік Семей қаласында өтті. Оған 300-ден астам садақшы қатысқан. Жарыс талаптары бойынша қатысушылар төрт түрлі арақашықтық негізінде өнер көрсетті.

Ольга Ковалева жамбы нысана-

сында әйелдер арасында үздік атанса, Кая Мазнева қалқан нысанысында екінші орын биігінен көрінді.

Жалпы есепте, бірінші орын Астана командасына бұйырса, екінші орын Қарағанды облысының еншісіне тиді. Ал, Батыс Қазақстан облысының спортшылары үшінші орынды місе тұтты.

Өз тілшімізден



• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

«Ой-орда» клубы ашылды

Білім-ғылым іздеген, дүниенің құпиясын ашпаққа ұмтылған оқырманның табылар жері – киелі кітапхана. Өзінің айтар ойы бар өрелі оқырмандар бас қосса, пікірталас туады. Түрлі салаға байланысты көзқарас айтылады. Осыны негізге алып, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың өлкетану әдебиеттері бөлімі жанынан «Ой-орда» пікірлесу клубы құрылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Клубтың салтанатты ашылуына ғалымдар, кітапханашылар, студенттер және кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Кітапхана директоры Айнұр Шаймұханбетова шараны ашып, оның жұмысына сәттілік тіледі.

Клуб жетекшісі – Өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы, тәжірибелі маман Сандугаш Орынбайқызы. Ол өлкеміздің қаламгерлері нәзік оқырмандарын жақсы танытып, осы бағытта ұзақ жылдан бері еңбек етіп келе жатқан көнігі кітапханашы.

Клуб білім іздеген жастар арасынан сапалы орта құрып, туған өлке туралы білімді терең меңгеруді, дамытуды, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруды және клуб мүшелерінің мәдени интеллектуалдық деңгейін жан-жақты дамытуға бағыт-



талған ғылыми-әдеби, мәдени шаралар ұйымдастыру мақсатын көздейді.

Клубтың алғашқы отырысы ақын, қайраткер, «Елін сүйген ерлер» партиясының негізін қалаушы Бүркіт Ысқақұлының 100 жылдығына арналды.

Шараның «Елін сүйген ердің ізі» атты бөлімінде Б.Ысқақұлының еңбегі мен шығармашылығы туралы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу универси-

теті тарих факультетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Әділет Жағыпар кеңінен әңгімелеп берді.

Іс-шара барысында өлкетанулық «Ой ширату», «Бүркіт Ысқақовты қаншалықты білеміз?» викторинасы ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, автордың «Ағаның ақалы» атты пьесасын бірге оқып, оқырманға айтайын деген ойы ортаға салынды. Арнайы жиылған жұртшылық

назарына кітап көрмесіне әдеби шолу ұсынылды.

Клуб мүшелігіне талапты әрі өзі қызығып келген ерікті оқырмандар қабылданды және оларға арнайы даярланған белгіше таратылды. Сондай-ақ, келесі отырыстардың жоспары талқыланып, бекітілді.

Кездесу барысында жастар көкейінде жүрген сауалын қойып, оған тұщымды жауап алды. Әсерлі әңгіме тыңдап, өз ойларын ортаға салды. Ізгі тілегін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

– Жастардың өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген клубтың жұмысына сәттілік тілейміз. Кітапхана жанында бірнеше жыл бұрын «Жыр-жауһар» поэзия клубы құрылып, кейін ол үлкен шығармашылық орталыққа айналған. Оның мүшелері бүгінде елімізге танымал қаламгерлер. Жаңадан негізі қаланып жатқан «Ой-орда» клубы да болашақта кітапханаға оқырмандарды шақыратын ауқымды орталыққа айналсын, – деді ақын Еркебұлан Елеусізұлы.

Суреттер ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА

Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЛ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 53 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылм. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Алұлым СОВЕТ**